

АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№24 (138) 29 мамыр 2026 жыл

АУДАНЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНДА

АҒА ҰРПАҚ ҚОСҚАН ҮЛЕС МОЛ

Қай заманда болсын қоғамның зиялы екендігін ардагерлердің атқарған ісінен-ақ байқауға болады. Қазыналы қариялар қашан да салт-сананың жалғасы, мәдениеттің үлгісі, көпке үлгі. Ата жолын жалғап келе жатқан Қарасай ауданының ардагерлері бүгінгі таңда ауданымыздың өркендеуіне, тағұлықтық пен тұрақтылықты қалыптастыруға, қоғамдық келісімді үйлестіруге зор үлес қосып келеді. Бұл күндері келешек ұрпақты саналы, жан жақты етіп қалыптастыруда қарттардың сөзі тәрбиенің көзіне айналған.

Ауданымыздың ардагерлер ұйымының қоғамдық бірлестігінде 1 қала, 10 ауылдық ардагерлер ұйымы, 55 бастауыш ардагерлер ұйымдары, ардагерлер ұйымының жанынан құрылған «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі және «Алатау жастары» ұйымы сапалы деңгейде жұмыстарды тындырып жатқандықтарын ауыз толтырып айтуға болады.

Ардагерлеріміз бен аналарымыздың өз жұмыстарын ойдағыдай қамтамасыз етуге аудан, қала және ауыл әкімдіктерімен, қоғам

қоғам қайраткері Ұлтұсын Бархинова «Асыл аналар» ұйымының төрайымы болып тағайындалды.

Әр жылда аудандық ардагерлер ұйымында 11-15, ауылдық округтерде 4-6 отырыс кеңестері өткізіліп тұрады.

Ауданымыздың ардагерлер ұйымы «Іскерлік және жанашырлық» бағдарламасын жүзеге асыру бағытында осал отбасылар үшін қайырымдылық көмектер жылда жасалуда. Атап айтқанда, Іргелі ауылдық округінің ар-



дық ұйымдары әр қашанда қол ұшын беріп келе жатқандықтарын айтқым келеді.

Бүгінгі күні ауданымызда бар ҰОС ардагерлерінің жесірлері 14, тыл еңбеккерлері 312, Чернобыль апатына қатысқандар саны 62, Ауған соғысы ардагерлері 247, аудан аумағында тұратын зейнеткерлер саны 30 114 адам.

Ардагерлер өз жұмыстарында бірінші кезекке әрбір ардагерлердің назардан тыс қалмауларын көздеп, есепке алып, тізімге тіркеу, ардагерлер ұйымына мүше ретінде кіргізу мәселелері қаралып тұрады.

«Атамекен тарихи-мәдени орталығында» аудан ардагерлері мен «Алатау жастары» ұйымының кеңейтілген отырысы өткізіліп, мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың «Адал адам, адал еңбек, адал табыс» атты еңбегі жастарға таныстырылып, жастар ұйымының осы бағыттағы негізгі міндеттері қаралып, талқыланды.

Ұрпақтар сабақтастығы арқылы жастардың Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктерін арттыра отырып, жастардың адал еңбек, отаншылдық, қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершіліктерін арттыру бағытында жұмыстар жүргізу міндеттелініп отырылды.

Аудан аумағында Ұлы Отан соғысынан қайтпай қалған және бейбіт өмірге келіп, өмірден өткен ардагерлер үшін орнатылған ескерткіштерді күтімге алу, жөндеу, тазалау жұмыстары жастар ұйымына тапсырылып отырылады.

Аудандық ардагерлер ұйымы мен «Асыл аналар» ұйымы Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесіне дайындық іс шаралар жоспарын жасап, жұмыстарының өз деңгейінде өтуін қадағалап отырды.

Жастар ұйымы мен ардагерлер ұйымының бірлескен «Жастар тәрбиесі - адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты конференциясы аудан әкімінің мәжіліс залында өткізіліп, жастарға адамзаттың мәңгілік тақырыбы, жастар тәрбиесінің мәні кеңінен талқыланып, міндеттемелер қабылданып, «Алатау жастары» ұйымы құрылды.

Аудан кітапханасында «Аяжан Қарасай», «Санжар Жандосов атындағы Қаскелең кәсіптік техникалық» колледждерінің студенттері және барлық округ жастары қатысқан үлкен жиын өткізіліп, жастар арасындағы келеңсіз оқиғалар, нашакорлық, құқық бұзушылық, жұмыссыз жүру жөнінде дөңгелек үстел өткізілді. Сонымен қатар биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесіне орай Ұлы Отан соғысының тарихи мәнін, соғыс ардагерлерінің есімдері мен ерліктері жөнінде деректер жинау туралы тапсырмалар берілді.

2024 жылы аудан әкімінің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Бексұлтан Ақылбекұлының төрағалығымен ардагерлер мен аналар ұйымдарының мүшелері қатысқан конференция өткізіліп, ардагерлер ұйымының жанынан «Асыл аналар» ұйымы құрылып, ауданымыздың құрметті азаматы,

ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Егеубеков арнайы мал сойып, таратып, жағдайлары өте төмен қариялардың үйлеріне көмірлерін түсіріп беріп, алғыстарын алуда. Жәрдемдесу акциясы шеңберінде балаларға арналған қажетті оқу құралдарын, мектеп формаларын Жібек жолы ауылдық округінің ардагерлер ұйымының төрағасы А. Жұманиязов, Елтай ауылдық округінің ардагерлер ұйымының төрағасы Е. Салибеков, Райымбек ауылдық округінің төрағасы Л. Әбдікерімов атқарған жұмыстарын айтуға болады.

Дәнекер жобасы бойынша біздің ардагерлеріміз халқымыздың ұмытыла бастаған жақсы салт-дәстүрін еске ала отырып, адасқандардың қатесін түзеуге мүмкіндіктер беру бойынша жұмыстар жүргізіп келеді.

Өздеріңізге белгілі, су басқан солтүстік аудандардаға көмек ретінде ардагерлер мен аналар кеңесі мүшелері қор жинап, 25 қап ұн, 25 қап күріш, 25 қап қант және жаңбырға-суға киетін, су өтпейтін етіктер, плащтарды қамта-



масыз етті. Одан бөлек қаржылай көмек берілді. Бұл жерде белсенділік көрсеткен «Аналар кеңесінің» төрағайымы, ел анасы А. Бекбаева, Батан ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Ж. Саламатов және Іргелі ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Е. Егеубеков, Райымбек ауылдық округінің ардагерлер ұйымының төрағасы Л. Әбдікерімов ақсақалдың және тағы басқалардың есімдерін көптеп атауға болады.

Ардагерлер мен «Алатау жастарының» сабақтастығын дамыту мақсатында жас ұрпақ тәрбиесіне көптеп араласып жүрген Шамалған ауылдық округінің ардагерлер ұйымы төрағасы Қанат Қатубаев, Жандосов ауылдық округінің ардагерлер ұйымы төрағасы Алмахан Қағазбеков, Ұмтыл ауылдық округінің ардагерлер ұйымы төрағасы Аюп Исақов, Бірінші Май ауылдық округінің ардагерлер ұйымының төрағасы Б. Әлменбетов мектептер мен колледждерге жиі барып, өздерінің мол тәжірибелерімен өмірден түйген көрген блгендерін оқушылар мен студенттерге бөлісіп жүргендіктерін айта кету керек.

Ауған соғысы әскерлерінің Ауған жерінен шығарылуына 34-35 жыл толу мерекелері аудан орталығында орналасқан ауған әскер-

леріне арналған ескерткіш алаңында өтетінін және оған біздің ардагерлердің мүшелері белсенді қатысатындықтарын айтып кеткен жөн.

Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесіне орай Ленинград блокадасына қатысқан Суханова Зинаида Андреевнаның үйіне барып, Ленинград қаласының губернаторының арнайы жіберген құттықтау телеграммасын табыс етіп, Ұлы Жеңіспен құттықтап, Ардагерлер ұйымының дайындап берген азық-түлік салған себетін табыс еттік. Осындай азық-түлік салынған себеттерді ҰОС-ның жесірі 99 жасқа келген Күлбаева Құндызай апамызға, 100 жасқа келген Сәлима Бұлғақбаева апамызға және 15 тыл еңбеккерлеріне табыстап қайттық. Осындай азық-түлік салынған себеттерді барлық ауылдық округінің ардагерлер мен аналар ұйымдарының мүшелері тыл еңбеккерлеріне табыстап, мерекелерімен құттықтап шықты.

Сондай-ақ ауданымыздың бетке ұстар бас ұстазы, ҰОС ардагері, өмірінің соңына дейін қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан 100-ге келген ағамыз Сейітхан Исаевқа және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҰОС ардагері, партизан ағамыз Үсенбай Тас-танбековке Қаскелең қаласынан көше бергізілді.

Әйтей ауылдық округінің ардагерлер ұйымының төрағасы Амангелді Шәріпқұлов өз округінің батыр жерлері Үдырысов Чайке ағамызға Еңбекші ауылынан, Әбдікерімов Еркебек ағамызға Әйтей ауылынан көше атауы бергізілді.

Бұл бағытта біздің төрағалар әлі де болса деректер жинау, батыр бабаларымыздың артынан қалған туыстарымен жұмыстар жүргізуде.

Дүниежүзінің екі соғысына қатысқан, соғыстан аман есен келіп ел басқарған Рақымжан Мақашев ағамыздың аты-жөні жазылған ескерткіш тақта көше бойындағы өзі тұрған көп қабатты ғимаратқа орнатылып, аудан әкімшілігі мен ардагерлер ағамыздың туыстарын құттықтады.

Ауданның Мәдениет үйі ғимаратында асыл аналарға арналған конференция өткізілді. Бұл конференцияға облыс Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов бастаған облыс ардагерлер ұйымдарының мүшелері мен «Асыл аналар» ұйымдарының мүшелері мен төрағалары және облыстан шақырылған қонақтар қатысты.

Елтай ауылдық округінің әжелер хорын ұйымдастырған облыстық, Қырғыз Республикасында байқауында бас жүлделерді жеңіп алып, Түркияның Ыстамбұл қаласына жолдама алған Назаргүл апай және еңбек ардагері Гүлжан Тілеуқызы апайларымыз осы ардагерлер ұйымындағы көп жылғы ерен еңбектері үшін марапатталды.

Ардагерлер мен аналарымыздың денсаулықтарын түзету мақсатында ауданымызда Ұмтыл ауылдық округінің Мерей ауылында «Белсенді ұзақ өмір орталығы» ашылып, 121 аталарымыз бен апаларымыз қызмет алады. Сонымен бірге Шамалған ауылдық округінің Мәдениет үйінің жанында осы орталық ашылып, қарттарымыз күнделікті денсаулықтарын түзетуде.

2023-2025 жылдар аралығында Алматы облысы Ардагерлер ұйымы Қарасай ауданының Ардагерлер ұйымымен бірлесіп өткізген «Атадан қалған асыл сөз», «Алатау жастар ұйымын құру», «Асыл аналар ұйымын құру» секілді үлкен дәрежеде өткен іс-шараларды баса айтқым келеді. Бұл-біз үшін үлкен бедел, әрі мақтаныш.

Ауданымызда ардагерлеріміздің арасында Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесіне орай шахмат және дойбы жарыстары өткізіліп, жеңіске ие болған ардагерлер бағалы және қаржылай сыйлықтарға ие болды.

«Қарттар күні» мерекесіне орай, Елтай ауылдық округінде жыл сайын аталарымыз бен аналарымыз арасында концерттік байқау бағдарламалары өткізіліп, I, II, III орын алған ардагерлеріміз бен аналарымызға бағалы сыйлықтар тапсырылып тұрады.

Қорыта келе, аудандық Ардагерлер ұйымы мен «Асыл аналар» ұйымы және «Алатау жастары» ұйымының мүшелері өздерінің алдына қойған негізгі міндеттерінің бірі қоғамның саяси тұрақтылығының нығаюына, рухани сана сезімдерін көтеру бағытында өз үлестерін қосуда.

Сағат МӘСІМАҚЫНОВ,
Қарасай аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы.

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

МЕКТЕПТЕГІ ШЕРУ

Шелек ауылындағы Әбдуали Хайдар мектебінде «Жаңа мектеп- жаңа мүмкіндіктер» атты тақырыпта осы оқу орнының екі жылда



атқарған жұмысы қорытындыланып ұстаздар мен оқушылардың шеруі болып өтті. Онда облыс әкімі М.Сұлтанғазиев қатысып сөз сөйледі. Кездесуге түрік мәдениеті халықаралық ұйымының («Түрксой») төрағасы Сұлтан Раев және Астанадан көптеген құрметті қонақтар қатысып сөз сөйледі. Облыс әкімі білім беру, тәрбие саласында жоғарғы көрсеткішке жеткен ұстаздарды марапаттады. Сонымен қатар Марат Елеусізов осы мектепте 41 жыл қызмет атқарған ұлағатты ұстаз Махмуд Ыдырысұлы Сауытовты зейнетке шығуына байланысты құттықтап, оның иығына шапан жапты. Кездесуге ауыл ақсақалдары, әжелер, ата-аналар қатысты. Ардагер ұстаздар атынан Бекжан Сағымбайқызы сөз сөйлеп жайлы мектеп салып, қамқорлық жасаған облыс әкіміне «Билайн» компаниясы мен «Жылы жүрек» қорына алғысын айтты. Кездесу соңында Сәкен Майғазиев бастаған өнер жұлдыздары ән шырқап, көрермендерді қуанышқа бөледі.

Шелек ауылдық ардагерлер ұйымы

ХАЛЫҚ МҰРАСЫ НАСИХАТТАЛДЫ

Ұйғыр ауданы, Шарын ауылының Мәдениет үйінде белгілі ғалым, М. Өуезов атындағы



Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Шарын ауылындағы орта мектептің 50 жыл бұрынғы түлегі Токтар Кесімұлы Әлібековке арналған «Халық мұрасының қадірін асырған абзал азамат» атты шара өтті. Шараны Д.Қонаев атындағы орта мектеп ұйымдастырды. Шара барысында Т. Әлібеков қызмет еткен М.Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері, Алматы облысы мен Ұйғыр, Райымбек, Балқаш аудандарының құрметті азаматы Ы.Бектұрсынов, үлкен бауыры Тоқан Әлібеков, ардагер ұстаздар М.Құдайбергенов пен Ж.Керімқұловтар Т.Әлібеков туралы естеліктер айта отырып, бүгінгі шараның жас ұрпаққа тәлім-тәрбие берудегі орнының ерекше екенін айтты. Одан соң жиналғандар Д.Қонаев ескерткішіне гүл шоқтарын қойған соң осы мектептегі Т.Әлібеков атындағы қазақ тілі мен әдебиет кабинетінің лентасын кию рәсіміне қатысып, мектеп оқушыларының Т.Әлібековке арнаған өнерін, тамашалады.

Ұйғыр аудандық ардагерлер ұйымы.

31 МАМАҒЫР-ҚУҒЫН - СҮРГІН КҮНІ

Сталиннің қолымен жасалған бұл қырғын өзінен кейін болған африкалық, азиялық диктаторлардың қасптарынан әлденеше есе зұлымдыққа толы. Мәселен, бүкіл әлем айыптайтын кампучийлік Пол Пот пен угандалық Иди Амин оның қасында ойыншық сияқты. Пол Пот өкімет басында болған 16 жылда (1963-1979) әртүрлі бағамдарға сәйкес репрессиялар мен аштықтан 3 миллионға жуық адам қырылса, Иди Амин басқарған 8 жылда (1971-1979) Уганданың 300 мыңға жуық халқы көз жұмған. Ал Сталин басқарған 31 жылдағы (1922-1953) КСРО-да қырылған халықтың толық санына әлі ешкім жеткен жоқ. «Мемориал» қоғамы оны 12 млн десе, Саяси Бюроның бұрынғы мүшесі А.Яковлевтің комиссиясы 32 млн деді. Тарихшы Рой Медведевтің есебі бойынша олардың саны 40 млн, ал жазушы А.Солженицын 55 млн-ның маңайы деп болжайды.

ҮЛКЕН ТЕРРОР

Осының бәрі екі жылда ғана орын алады. Соның ішінде Қазақстанда репрессияға ұшырағандар саны соңғы уақытта табылған деректермен 118 мың адамға жетті, олардың 25 мыңдайы атылған. («Қазақстандағы 1937-1938 жж. жаппай саяси репрессия шаралары мен салдарлары» атты кітаптан, 3-бет). Оның негізгі бөлігі өзі де аз болған қазақ зиялылары еді.

«Халық жаулары», «ұлтшылдар», «исламшылдар», «түркішілдер», «Англияның» немесе «Жапонияның шпиондары» деп айыпталған ата-апаларымыздың бәрі де ұлттың сүт бетіне шығатын қаймақтары еді. Ұлттың бас көтерерлері түгелге жуық жойылғанда халық қатты есеңгіреп, өзінің адами болмысынан, өзіндік даму бағдарынан айырылып, мәңгіріп қалды. 1931-33 жылдардағы аштықта халықтың саны азайса, бұл жолы сапасы құрылды.

Саяси Бюро 1937 жылдың 5 шілдедегі шешімімен ұсталғандардың әйелдері мен балаларын да тұтқындаған. 15 жастан асқан балалар мен аналарын лагерлерге жіберген, ал одан кішілерін туысқандарына бергізген немесе балалар үйіне алғызған.

«Тазарту» жүргізу туралы бұйрықты Сталин 1937 жылдың ақпан-наурыз айларында болған ОК пленумында сөйлеген «Троцкийшілер және басқа да екіжүзділерді құрту бойынша партиялық жұмыстардың жетіспеушіліктері» атты баяндамасында берген. Осындағы сөздерінде ол «түп орнымен құрту», «көздерін жою» деген сөздерді нақты атайды. Бұл негізінен, қызмет басында жүргендер мен көзі ашық, көңілі ояу, сауаттылар мен білімділерді, соның ішінде ақын-жазушылар мен өнер адамдарын құртуға бағытталды. Зиялы қауыммен қатар дін өкілдерін де түп орнымен құрту мақсат етілді. Осы пленумда сөйлеген 73 адамның 56-сы атылған. Ол ол ма, мұның алдында, 1934 жылы болған 17 съездің делегаттары және съезд сайлаған ОК-і құрамының 78 пайызының көзі жойылған. Ал осы съезд тарихта Сталиннің жауларын тегіс құртып, жеке дара билікке қол жеткізген «жеңімпаздар съезі» деген атау алғаны жұрттың жадында.

Сталин мен оның қолшоқпарлары өкімет басына халық билігін орнатпай, халықтың жоғын толтырамыз, езілгенді теңейміз, барлық халықтарды тең құқылы қыламыз, елдің байлығын халықтың еншісіне беріп, бай-шонжарлардан тартып өпереміз деген ұрандармен келді. Нәтижесінде ешқандай халық билігі орнаған жоқ, қоғамда буржуазияның орнына «коммунистік партия» деген үстем тап орнады. Оның номенклатурасының қатарына енгендер елге билік жүргізіп, барлық байлығын өздерінің меншігіне айналдырды. Ал қарапайым халық соларға дауыс беріп, оларды қолдап сөйлеуге, қазақша айтқанда қолдарына су құюға мәжбүр болды. Идеологиялық құралдар, оның ішінде БАҚ халықтың санасын әбден тұмандып, Сталиннің істерінің бәрі дұрыс, бәрі де халықтың бақыты, жарқын болашағы үшін жасалып жатыр деген идеялық ұды сіңіріп бақты. Бұған қарсы ешқандай дауыс, ешқандай сөз болмағандықтан халық оған сөзсіз сенді, сенбегендер дыбысын шығаруға қорықты. Сөйтіп, пролетариат диктатурасы деген, сайып келгенде, сталиндік диктатураға айналды.

Осы күні көптеген ғалымдар Сталиннің «Үлкен террорды» жасау себебі неде деген сауалды өздеріне қойып, оның ғылыми негізін іздеп әлек. Мәселен, ресейлік бір топ ғалымдар бұл Сталиннің 1928 жылғы «таптық күресті үнемі күшейте беру керек» деген сөзін іске асырудан туған деп санайды. Тарихшы Ю.Жуков террордың себебін 1936 жылы қабылданған КСРО-ның Конституциясынан іздейді. Осы Конституцияға сәйкес 1937 жылдың желтоқсанында сайлау болатын, Сталин соның алдын алып, қарсыластарының өтіп кетуінен сақтанғандықтан жасады дейді. Бұл, әрине, ақылға сыймайтын дәлел. Өйткені 1937 жылы Сталин өзінің барлық ашық қарсыластарын құртып, тірілерін үнін шығара алмайтын халге жеткізген. Сайлауда тек өз кандидаттарын ғана өткізетін жеке дара билік иесі болатын. Сондықтан осылар қарсыласады-ау деген күдікпен осыншалық террор жасауға негіз жоқ еді.

Сотсыз, тергеусіз адамдарды атуға рұқ-

сат беретін НКВД-ның үштігі болды. Бұлар өздерінің бастықтарының талабын мүлтіксіз орындап, кей күндері 2-3 мың адамға дейін атқызып отырған. Жүздеп, мыңдап қамалған адамдар сөйтіп із-түзсіз өлімнің қанды шеңгеліне ілініп жатты. НКВД-ның Ярославль облыстық басқармасының бастығы А.Ершов өзіне Ежовтың былай айтқанын еске алады: «Если во время этой операции и будет растреляна лишняя тысяча людей – беды в этом совсем нет. Поэтому особо стесняться в арестах не следует». 70-80-ге келген қарттарды қайтеміз дегенде сол Ежов: «Аяғынан тұрса болды, атыңдар» деген екен.

Ұсталғандардың тізімі бірінші және екінші санат деп бөлінген. Соның біріншісі ату жазасына кесілгендер, ал екіншісі – 10 жыл және одан жоғары мерзімге қамалатындар. Өңірлердің басшылары осы екі өлшемдегілердің тізімдерін Сталинге бекіттіріп отырған. Киров облысының басшысы М.Родин өзіне берілген лимитті орындап, қосымша бірінші санатқа 300, екінші санатқа 1000 адам сұрап хат жазғанда Сталин біріншісі 500-ге ал екіншісі 800-ге дейін ұлғайту туралы бұйрық берген екен... Бір қызығы, бірінші топқа жатқандарға үкімді айтпаған, адам өзін ататынын тек орындайтын жерде ғана білген. Ал екінші топқа жазалану мерзімін айттырған.

Қазақстанға әуелде 2500 адамды бірінші, 5000 адамды екінші санатпен жазалауға жоспар берілсе, біздің жазалаушы органдар оны 10 және 18,6 есе артық орындаған. 118 мың адамды жазаға ілектіріп, соның 25 мыңын атқанын жоғарыда жаздық. Сол кездегі Қазақстанның басшысы, республика партия комитетінің бірінші хатшысы Л. Мирзоянның өз қолымен бірінші топтың лимитін 600 адамға, екінші топты 1000 адамға арттыруды сұрап, Сталинге өтініш жазған құпия хаты сақталған.

Дін өкілдері де арнайы топқа жатқызылған. Олардың 165 мыңы ұсталып, 107 мыңы атылған.

Демократиялық елдерде сотсыз, тергеусіз, прокурорлық қадағалаусыз жасалған жазалау шараларының бәрі заңсыз, яғни қылмыс деп саналады. КСРО-да 1937-38 жылдары жасалған осынау заңсыз саяси репрессияның басында Сталин тұрды. Демек ол және оның жанындағылар қылмыскерлер. Өз істерінің қылмыс екенін олар білген, бірақ тиранға қарсы сөз айтудан қорыққан. Хрушев өкімет басына келген бойда репрессиялық шараларды жасауға өзі қол қойған, соның ішінде сол жылдары қызмет істеген Украинада жазаланушылардың тізімін ұлғайтуды сұрап жазған құжаттарын бірден жойғызған. 1956 жылы Сталиннен бас тартып, оның қылмысын «әшкерелендігі» де сол, жасаған қылмысынан өзін аршалап алудың амалы еді... Сталиннің басқа қателіктері мен қаталдықтары бір төбе болғанда осы 37-38 жылдардағы жасаған «үлкен терроры» ашық қылмыс екенін барлық елдердің озық ойлы адамдары мойындаған. Бұл ретте оны африкалық, азиялық диктаторлардың қатарына қоюға толық негіз бар.

Өзінің шектен шығып бара жатқанын «көсем» де білген. Сондықтан 1938 жылдың 17 қарашасында ОК-нің №4387-ші арнайы қаулысын қабылдапты, репрессияны тоқтатуға мәжбүр болған. Онда «тұтқындаулар енді тек қана сот пен прокурордың санкциясымен ғана жасалсын, НКВД-ның арнайы бұйрығын іске асыратын «үштіктер» жойылысын, алдағы уақытта барлық істер соттарға өткізілсін, адамды тұтқындауға прокуратурадан санкция алу үшін НКВД органдары өздерінің негізделген қаулылары ұсынатын болсын, ал прокуратура органдары негіздемесін дұрыстығын мұқият тексерсін» делінген. Бұл қаулы біршама уақыт репрессиялық шаралардың қарқынды азайтқанымен қуғын-сүргінді толықтай тоқтатқан жоқ. Ежовтың орнына НКВД-ның басшысы болған Л.Берия 1940 жылы сот пен прокуратураның адамды жазадан босату туралы барлық шешімі НКВД-мен келісілген соң ғана күшіне енеді деген заңсыз бұйрық шығарды. Конституцияға қарсы болғанымен ол бәрібір іске асты...

Сөйтіп, миллиондаған жазықсыз жандарды шәйт қылған «террор» толықтай болмаса да біршама тоқтатылды. Осы науқанда КСРО бойынша алғанда екі жылдың әрбір тәулігінде орта есеппен 1200-1300 адамды атып отырған. Мұндай қылмыс адамзат тарихында басқа мемлекеттерде ешқашан болған емес.

● ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫНА 40 ЖЫЛ

Патриоттық іс-шара өтті

1986 жылдың 26 сәуірінде Украина жеріндегі Чернобыль атом электр станциясында болған апаттың от жалыны 300 метрге дейін көтерілген. Апат болған аймақта 125 мыңға жуық адам болған. Жарылған реактордан 140 тонна радиоактивті отын ауаға тараған қайғылы оқиға болды.

Бұл-адамзат тағдырындағы ең ауыр апаттардың бірі. Оның зардабы 17 миллион халықты улаған. КСРО-ның 11 облысын қамтыған, бір елмен шектелмей, бүкіл әлемге әсер етті. Бүгінгі таңда қаза тапқандар-

қаншама азаматтар денсаулығынан айырылып, өмірден ерте қайтты.

Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылындағы 70 жылдық тарихы бар «Шелек политехникалық колледжінде» Черно-



быль апатына қатысқан Қуат Дүйсебаевтың қолдауымен, Чернобыль апатына қатысқандарға 40 жыл толуына орай, «Ұмытылмас қасірет-мәңгілікке сабақ» атты патриоттық іс-шара осы колледжде жоғары деңгейде өтті. Аудандық әкімшілік, ішкі саясат, жастар ісі, блогерлер, БАҚ өкілдері, шақырылған ардагер қонақтармен бірге ұстаздар, студенттер қатысқан облыс деңгейіндегі кездесу-жиын өткізілді. Шақырылған 30-дан аса ардагер қонақтар Шелек аулындағы орталық саябақтағы ескерткіш тақта алаңына гүл қою рәсімінен кейін, колледжде сап-

тық алаңда әскери оқытушы бастап, студенттер әскери тәртіппен сапта тұрып, әскери сәлеммен қонақтарды жақсы қарсы алды. Жиын ШПК-нің конференция залында жалғасып, қонақтарды таныстырды. Қ. Құрманғалиұлы кіріспе сөзбен өзі бастап ауданнан келген ішкі саясат бөлімінің бастығы Қайсар Асқарұлына сөз берді. Чернобыль және мүгедектер қоғамының төрағасы Тұрсын Садвакасов Чернобыль апаты туралы баяндама жасады. Чернобыль апатына қатысқандарға арналған 40 жылдық мерекелік медальдармен бірге облыс, аудан әкімінің, колледж директорының «Алғыс хаттары» салтанатты жиында табысталды. Патриоттық әндер айтылып, күмбірлеген күйлер тартылып, концерттік бағдарламаға қатысқандар рахметтерін айтып, риза болды. Колледжде ардагер қонақтардың құрметіне футболдан жарыс ұйымдастырылып, Чернобыль ардагерлері 1-2 орын алғандарға медаль, бағалы сыйлықтар табыстады. Колледж әкімшілігінің ұйымдастыруымен кездесуге барған ардагер қонақтарға ақ дастархан жайып, қонақасы берді. Келген қонақтар колледж директоры бастаған ұстаздарға рахметтерін айтып, естелік суретке түсіп, риза көңіл күйде қоштасты.

Әсет АЛЖАНБАЙ,
ардагер оқытушы.
Ашыбұлақ ауылы
Еңбекшіқазақ ауданы

● АБЫРОЙЫ ЕҢБЕКТЕН

Зейнет жасына келген ұстаздарға құрмет ...



Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қорам ауылындағы Қорам орта мектебінде мектеп директоры Мұқан Назғұл Бергенқызы бастап мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен, мектеп ұстаздарының қолдауымен мектептің жиын залында зейнеткерлік жасқа келген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Қасымбекова Алмагүл Тұрарбекқызы, Токтаболатова Шайгүл Абжанқызы, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Манапова Алма Қаламқызы «Абыройлы еңбектен-құрметті зейнетке» деген тақырыпта шығармашылық жиын өтті. Салтанатты жиынға Қорам ауылдық округі әкімшілігімен бірге Қорам орта мектебінде істеген зейнеткер жастағы ардагер танымал мұғалімдер арнайы шақырылды. Жиынның жақсы өтуіне мектеп ұжымы мен ұстаздар, оқушылар белсене қатысты. «Ақыл жастар, асыл тастан шығады» дегендей жас директордың өзі оқыған мектебінде директор болуы да ерекше. «Жас келсе, іске» дегендей жас директор аудандағы үлкен мектепті басқара отырып, ұйымдастырушылық қабілетімен көптеген жетістіктерге жетіп отыр. Биылғы оқу жылында аудандық, облыстық семинар-жиындар өткізіп, ұстаздар мен оқушылар көптеген жетістікке жеткені туралы да айтылды. Биылғы оқу жылында пенсияға жасы келіп зейнетке шығатын ұстаздарды сыйлап, құрметтеуі аудандағы жас директорларға, белсенді жас

ұстаздарға үлгі өнеге... Бір ерекшелігі көрмеге әр ұстаздың оқыған мектебі, бітірген жоғарғы оқу орнынан, оқыған мамандығынан бастап, жеткен жетістіктері, мектептегі еңбек өтілі, алған марапаттары, әр ұстазға жазылған арнайы буклеттер, суреттер қойылған, арнайы видеобаянда көрсетілген. Аудандық оқу бөлімімен бірге кәсіподақтың «Алғыс хаты» салтанатты жиында тапсырылды. Ауыл әкімінің атынан сыйлықтар табыстады. Шақырылған қонақтар өз сөздерінде зейнет жасына толған ұстаздарға жүрек жарды жақсы тілек, әзілдерін айтып, құшақ-құшақ гүл шоқтарымен бірге сыйлықтарын берді. Жиынға келген туған-туыс, отбасы, бала шағалары, оқушылары да белсене қатысып, гүл сыйлап, қошамет құрмет көрсетті. Салтанатты жиын ән шашумен басталып ұстаздар, оқушылар дайындаған бағдарлама көпшіліктің көңілінен шығып, қатысқандарға ерекше көңіл күй сыйлады. Жиында жақсы естелік сөздер, әңгімелер, өлеңдер айтылды. Көктемнің шуақты күнінде мектеп директоры бастаған мектеп ұстаздарына, оқушыларына шақырылған қонақтар рахметтерін айтып, ойда қалатын салтанатты жиын болды деп, көтеріңкі көңіл күймен қимай тарады.

Әсет КӨШЕРБАЙҰЛЫ
Ардагер оқытушы ұстаз

«Асыл қазына» - бесжылдық белесінде

Халқымыз «Ел іші – өнер кеніші» деп тектен-текке айтпаса керек. Расында да ел арасында өнерімен өрге жүзген небір таланттардың шығып жүргенін көзімізбен көріп, құлағымызбен естіп жүрміз. Әсіресе, өнердің сан саласында жұлдыздары жанып, сахна саңлақтары атанған дүлдүлдер мен дарабоздар қаншама десенізі. Соның бәрі-жүзден жүйірік, мыңнан тұлпар шаққандар. Халық оларды қашан болсын орынды мақтаныш етеді.

Тілімізге тиек етіп отырған «Асыл қазына» аталар мен әжелер ансамблінің өмірге келу жолдары да халық үшін өте мәнді де маңызды болды. Аудан өңірінен шеткі бір шалғайда жатқан алақандай Береке ауылынан мұндай өнерпаздар шоғыры шығады деп ешкім де ойлаған жоқ. Бұған ауыл жұртшылығы аң-таң болды да қалды. Сонда зейнеткерлік демалыста жүрген ардагер аталар мен апалардың «ансамбль құрамыз» деген таудай талаптарына күмәндана қарағандар да болмай қалған жоқ. Кейбіреулер «мыналар еріккеннің ермегін жасап жүр ғой» деген қаңқу сөздерді де қардай боратып айтып жатты. Ондайлардың аузына қалай қақпақ боларсын,

гендей, оның бұл талабының тауы шағылмайды. Қайта оның бұл бастамасын қуана құптағандар қатары күн өткен сайын толыға түседі. Көп уақыт өтпей ансамбль құрамы бірі дәрігер, бірі ұстаз, тағы басқа мамандық иелерінен, бір сөзбен айтқанда, зейнеткер ардагерлер қатары 16 адамға жетіп, қаз-қаз тұра бастаған игілікті істі бастап та жібереді. Олардың бұл жұмыстарын ауылдық мәдениет үйінің қызметкерлері де қызу қолдап, қошеметпен қолдарынан келген көмектерін аямайды. Осы ансамбльдің жетекшісі атанған Назаркүл Уәлиева да, оның қарамағындағылар да тәуекелге бел буып, алғашқы концерттік қойылымдарын халыққа ұсынады.



ша Тілеужанова, Несібелі Тілепбергенова, Динакул Нұрғожаевалардың ансамбль жұмысының алға жүруіне қосқан үлестерінің қомақты болғаны мақтаныш етуге тұрарлық.

Алғашқы сынақтан сүрінбей өткен ансамбль мүшелері бұдан кейін еңселерін тік ұстап, ауылдарды аралап концерттерін қойып, көрермендер тарапынан лайықты бағасын алып, көңілдері көкке жеткендей жүрді. Ізденістерін де тоқтатқан жоқ. Ауылдарды аяқтап біткеннен кейін аудан орталығында да өнерлерін көрсетті. Олардың өрге жүзген өнерлеріне аудан әкімдігі мен мекемелер мен кәсіпорындардың еңбек ұжымдары ерекше ризалықтарын білдіріп, оларды одан әрі қанаттандырып жіберді.

Ансамбльдің өткен жетістіктері ауыз толтырып айтарлық. Мәселен, осыдан үш жыл бұрын Алматы қаласында өткен «Өнерлі елдің өресі биік» атты ардагерлер арасындағы өнер байқауында «Хормен ән салу» номинациясы бойынша Бас бәйгені жеңіп алады. Ал, «Анаға құрмет» мұражайының 10 жылдығында болған байқауда да жеңімпаз атанып, мерейлері үстем болады. Олардың жемісті жетістіктері осымен ғана шектелмейді. Одан кейін олар Түркістанда өткен республикалық «Шуақты шақ -2024» байқауына ансамбльдің атауын өзгертіп, жаңа атаумен «Асыл қазына» ансамблі болып қатысады. Мұнда да олар бас жүлдені иемденіп, олжалы оралады.

Өткен жыл да «Асыл қазына» ансамблі үшін айырықша жыл болды. Олай дейтіміз, Ұлы Женістің 80 жылдығына орай өткен «Отты жылдар жырлары» байқауында ансамбль жетекшісі Назаркүл Уәлиева бас жүлдені иеленіп, Қырғызстанда өтетін ән байқауына жолдама алады. Осында халық әндерін асқақтата шырқаған әжелер ансамблі үстем шығып, Румыния, Түр-

кия мемлекетіне жолдамаға ие болады. Олар осы «Түркістаннан Түркияға дейін» атты халықаралық фестивалінде жоғары дәрежелі дипломаға қол жеткізеді. Олардың осынау жетістігін Түркияның ақпарат құралдары жеріне жеткізіп, мақтап жазды. Қазақстан елшісі Ержан Уайіс болса, түріктің «Түрік әлемі» газетіне «Асыл қазына» ансамблі жайлы сұхбат береді. Ол ансамбльдің жеке дауыста, хорда, триодан, квартеттен жоғары деңгейде өнер көрсеткенін орынды бағалайды.

Аузымызға алып отырған, абыройы биікте тұрған, халықтың сүйіктісіне айналған «Асыл қазына» ансамблінің айта берсе жетістіктері аз емес. Оның бәрін айта берсек газет көлемі де көтермейді. Олардың өнерлерін тамшалап, тамсанған көрермен қауым әлдеқашан оларға лайықты бағаларын беріп қойған. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген қағида тегін емес. Халқымыздың ұлттық құндылықтары салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, салт-санамызды берік ұстаныммен алып келе жатыр. Оларды концерттік композицияларда еркін пайдаланады. Тек жүн сабау, ұршық иіру, тоқыма тоқу, көрпе құрау сияқты көріністер қандай керемет. Айта берсе, бұл жағы оларда жетерлік. Ансамбль жетекшісі, Қарасай ауданы ардагерлер ұйымының «Құрметті ардагері» төсбелгісінің иегері, өнердің білгірі әрі біліктісі Назаркүл Уәлиева өз әңгімесінде ансамбльге демеушілік көмектерін көрсетіп келе жатқан демеушілерге ақтарыла қол ниетті алғысын білдірді.

Оның айтқанындай-ақ бар екен. Бүгінгі күні құрамында 24 мүшесі бар ансамбльге қажетті сахна киімдерінің түр-түрін алу, жол сапарына шыққанға, тағы басқа да қажеттілікке айтарлықтай қаражат жағы керек-ақ. Сол кездерден бері әлі күнге дейін ансамбльге өздерінің демеушілік көмектерін көр-

сетіп келе жатқан аудандық әкімдіктің қоғамдық кеңесінің төрағасы Жанат Исағұлов, аудандық мәслихаттың депутаттары Орынбай Жанаділ, Елена Константинова, балалар орталығын дамытудың директоры, ауыл белсендісі, «Атамекен» әйелдер кәсіпкерлігі комитетінің мүшесі Жанар Тұрғанбаева, аудандық мәслихат депутаты, «Ана мен бала» қайырымдылық мекемесінің директоры Әлия Сәтпаева, аудандық волонтерлік орталықтың жетекшісі Әсет Сәтпаев, ТОО «Зияткерлік» орталық пен баспахана ғылыми-методикалық орталығының директоры Әсел Жылқыбаева, кәсіпкер әрі белсенді ауыл азаматы Арман Тұрғынбаев, кәсіпкерлер Биқан Түстікбаева, Болат Әшімдердің көрсетіп отырған көмектері көп-көрім десе болады. Сондай-ақ, Елтай округіне қарасты ауылдардағы мектептердің директорлары Нұрқия Садыхова, Нұрғұл Баятanova, Мелдір Есбатырова, Дария Байділдаева, Сауле Қонысова, Гүлбану Мақашева, Аліма Абдығалиева, Жанара Айтақовалар да ансамбльге көмектерін көрсетумен ешқашан да тайынған емес. Әрдайым қол ұштарын беріп тұрады. Бұлардың оқушылары өнер жағынан ардагерлерден дәріс алады.

Өткен мәдениет күні қарсаңында «Асыл қазына» аталар мен әжелер ансамблі құрылғанына 5 жыл толуына байланысты халыққа кең бағдарлама-лы өнерлерін көрсетті. Бұл күндері ансамбль мүшелерінің саны 24-ке жеткен. Олар сол күні халық әндері мен қазақ сазгерлерінің танымал әндерін тамылжыта орындады. Көрермен қауым 80 жастың сенгірінен асқан әнші Салиха Тойымбетова бастаған Жұмаділ Сапарбеков, Нұрбек Төлебеков, Жамила Қарқынбаева, Мақпал Еркінқызы, Айжан Айдарбекова, тағы басқа өнерпаздардың өнерлеріне көрермендер тарапынан үлкен құрмет көрсетілді. Осынау ортақ мақсатта ауылдық «Асыл ана» ардагерлер ұйымының төрайымы Құлпан Исабаева белсенділік көрсетумен болды. Аудан әкімі Жасұлан Естенов ансамбль жетекшісі Назаркүл Уәлиеваны 5 жылдық мерейтойларымен құттықтап, Алғыс хатын тапсырды. Сөйтіп, ансамбль бесжылдықтың белесіндегі қуаныштарын аспандатып атап өтті.

Қанат ТӨКЕБАЕВ,
Қаскелең қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.
Бекболат ауылы, Қарасай ауданы.



Бірақ, жұдырықтай жұмылған олар алған беттерінен қайтпады.

Шынында да бұл ансамбльдің алғашқы құрылым қадамы қалай бастау алды? Енді соған жан-жақты тоқтала кетейік. Сол уақытта халықтың қамын ойлаған, өзі Құрманғазы атындағы консерваторияны бітірген, мектепте музыка маманы болып қызмет еткен Назаркүл Уәлиева зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін өзінің қатарлас құрбыларымен «келісіп пішкен тон келте болмайды» деген ұтымды ұйымшылдықтары мен жұдырықтай жұмылған бірліктерінің нәтижесі еді. Олар кімдер дейсіздер ғой. Айтуға тура келіп тұр. Сол алғашқы болып атсалысқандар Салиха Сариева, Сауле Ережепова, Камал Көкебаева, Сауле Қойшыева, Раушан Токбаева, Фатима Еденбаева, Мейрвмгүл Демежанова, Бақытқайша Жетеева, Тұрсынқан Момбекова, Жамила Қарқынбаева, Құлпат-

Олардың соншама жүрексіңгендері бекершілік болыпты. Алғашқы концерттері, алғашқы сынақтары халық тарапынан жоғары бағасын алып, елдің есінде қаларлықтай болды. Бұл оның өзіндік қатарлас құрбыларымен «келісіп пішкен тон келте болмайды» деген ұтымды ұйымшылдықтары мен жұдырықтай жұмылған бірліктерінің нәтижесі еді. Олар кімдер дейсіздер ғой. Айтуға тура келіп тұр. Сол алғашқы болып атсалысқандар Салиха Сариева, Сауле Ережепова, Камал Көкебаева, Сауле Қойшыева, Раушан Токбаева, Фатима Еденбаева, Мейрвмгүл Демежанова, Бақытқайша Жетеева, Тұрсынқан Момбекова, Жамила Қарқынбаева, Құлпат-

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Адамдық айнасы - адалдық

Әр азаматтың өскен ортасы, өмір жолы болады. Елі елеп, ұрпағы үлгі етер өнегелі ісі болса, елі елейді, жұрты құрметтейді, ұрпағы мақтан етеді.

Иә, зерделей алсақ, көре білсек, қара ормандай халықтың арасындағы қарапайым еңбек адамдарының да өз жолы, бәрекелді дегізер жұмыстары, айта білген тағылымды сөздері жетіп артылады. Адал сыншы, қулық-сұмдықтан алыс жүретін де солар. Олар берген баға – жағымпаздықтан ада. Екі қолға бір күрек, не кетпеген, басқа жоғалтатыны жоқ. Олардың қадіріне жету жақсы жандардың, білімі бар, ой-өресі биік, қысқа ғұмырда адалдықты ғана серік еткендердің қолынан келсе керек.

Қара басын ойлағандарға қара халық қажет кезде керек, былайғы кезде қолжаулықтай көреді, алдай салуға бейім тұрады. Оның сан түрлі жолы бар. Ол басқа әңгіме.

Сол халықтың қалтқысыз ілтипаатына бөлену, екінің біріне бұйыра бермесе керек. Алдағы байламдарды айтуға себеп болған жай, бұрынғы «Асы» совхозы азаматтарының ақ-адал пікірлері еді. Басыға деген шынайы ілтипаттары, сүйіспеншіліктері еді.

Аудан, облыс, одан да жоғары мәртебелі қызметте болмаса да, қаршадайынан тікелей шаруашылықта шарболаттай шыңдалған, бүгінде сексеннің бел ортасына келіп, артық-ауысқа бармай, адами болмысын, Алла берген жаратылысын берік сақтап қалған, ақсақалдық абыройын кемелдікпен жағастырып келе жатқан Хамза Әріпжанұлы Сүлейменовті сөз желісіне тартқанымызда ежелгі қалпымен бойын тіктеп, шаралы жанарын қадай қарап, ақшулан басын қырандай екі иығынан асыра бұрып барып:

– Кім топ етіп, осындай күйде көктен түсе қалды дейсің. Біз де бала болғанбыз. Өткен ғасырдағы алапат соғыс басталардан үш ай бұрын, нақтылай түссем, 1941 жылдың 8 наурызында жарық дүниеге есігін ашыптың. Әкем майданға сол жылдың шілдесінде кетіпті. Төрт айлығымда қалыптың. Әкем жұртқа мәлім сегізінші гвардиялық дивизия құрамында болған. Ауыр жарақатпен 1943 жылы елге оралған. Оған дейін біз ағаларым Құрман, Қали, әпкелерім Данагүл, Дәния анамыздың құшағында жүрдік. Ата-аналарымыздың жұмыстан қолы тие бермейтін. Бар қиындықты жеңеміз деген үмітпен жүретін. Олар еңбек етіп жүргенде, біз бірімізді-біріміз жетектеп, үлкеніміз кішіге қа-

райтынбыз. Ол тұста ішкер ас та, киер киім де жете бермейтін, бәрі тапшы. Барды місе тұтатынбыз. Құрман, Қали ағаларымыз, Данагүл, Дәния әпкелеріміз біздің нағыз қамқоршымыз болды. Олардың айтқанын екі етпей орындайтынбыз. Бойымыздағы мейірімділік сол кезде қалыптасты-ау деймін. Талпыныс білімге бет бұрғызды. Ата-анамыз да соған ден қойды. Ол жылдардың мұғалімдері әрі қатал, әрі тиянақты білім беріп, тәртіпті болуды алдыңғы орынға шығарды. Мұғалімді оқушы ғана емес, үлкендер де құрметтеді. Үйде жат қылық танытсақ шешелеріміз: «ертең мұғаліміне айтам» десе, зәреміз кететін. Бірақ соның бәрі біздің адам болып қалыптасуымызға, адал жүруімізге, өтірік айтып, жалтарып кетпеуімізге жол ашты. Оны мойындауымыз керек.

Иә, арамызда сабақты нашар оқитындар, жылытпайтын аз-кем болды. Олар үшін біз кінәлідей көрінетінбіз. Шетке қақпай ортамызға тартуға тырысатынбыз. «Бірің үшін бәрің, бәрің үшін бірің жауаптысың» деген қағида бізді өзіміздікіктен, ортақ істе жалтарудан арылтқанын, ол еңбекке араласқанда да ой-санамызда сақталғанын алдыңғы ұрпақ ұмытпаған болар, есінде шығар.

Жетінші сыныптан кейін қазіргі Мәсімхан Бейсебаев атындағы Талғар ауылшаруашылығын механикаландыру және электрлендіру техникумына (қазір колледж) түсіп, орта мектепті де, төрт жылда аталмыш орта оқу орнын да бітіріп шықтым.

Алғашқы еңбек жолымды «Алматы» колхозында электрик болып бастадым. Үш айдан соң әскерге кеттім. Ол кезде Отан қорғау деген үлкен мәртебе болды. Әскерде үш жыл жүрдім. Сол кездің тәртібі бойынша әскерді бітіруге алты ай қалғанда оныңшы сыныпты бітіргендерді, мен секілді орта білімді техникалық мамандық иелерін жоғары оқу орындарына әзірлейтін курс болатын. Бұл талапты жастар үшін табылмас жақсы тәсіл еді.

Бұрынғы алған білім мен алты айлық әскердегі курстың нәтижесі болар, сол жылы Қазақтың ауылшаруашылық институтының ауылшаруашылығын электрлендіру факультетіне оқуға түсіп, оны да бес жылда жақсы бітіріп шықтым.

Өз ауылым, өзім еңбек жолымды бастаған Ленин орденді «Алматы» колхозына оралдым. Бірден бас инженер қызметін сөніп тапсырды. Оны бес жыл атқардым. Бір күні аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Михаил

Любимский шақырыпты. Бардым. «Партиялық жұмысқа ауысасың» деді. Ұйымдастыру бөліміне нұсқаушы етіп отырғызды. Сынынан сүрінбей шыққан болармын. Жеті айдан соң, атағы Одаққа белгілі Ленин орденді «Алматы» темекі совхозының партия ұйымына хатшы етіп ауыстырды. Алдында айтқан бірінші хатшы сол қолхоздың түлегі еді. Қазаққа зияны жоқ сол кісі Асанбай Асқаровтың кадры болатын.

Партия ұйымының хатшысы болып он жыл істедім. Мен идеология саласына жауап берсем болды деп, төрт керегенің ішінен шықпай, отыра бермедім. Шаруашылық басшыларымен тіл табысып, жұмыс жасадым. Экономика мен идеологияны ұптастырып, сала жетекшілігімен де, еңбек адамдарымен де тіл табыстым.

Жиындарда жалтақтамай, өз тұжырымдарымды турасынан жеткізедім. «Саясат пен экономика қатар жүруі тиіс, жетістікке желпіне бермей, мына кемшіліктерді де көре білуге тиістіміз» деп салалар бойынша байқағандарымды алға тартамын. Директор үнсіз тындайды. Біраз уақыттан кейін ол менің сөздерімді тың тұжырым ретінде ұсынады. Оны аңғарған тұста, «бұл қалай?» деген кездерім де болған. Оны еңбек жолым бригадирге көмекші болудан бастап, бас экономист болып қызмет атқаратын, өте білімді азаматша, неміс қызы Клара Новикова да сезіп жүреді екен.

Жалпы, «Алматы» совхозы сол кездегі Одаққа танылған шаруашылық еді. Совхоз басшысы Петр Томаровский көпті көрген, ғылым мен ауылшаруашылығын ұптастыра білген азамат болатын.

Бір күні совхоз директоры Алексей Бойко обком хатшысы шақырады деп телефон тұтқасын ұстата салды. Таныс дауыс, Шихота екен: «Шелек ауданына қазір бар, Есімов күтіп отыр» деп қысқа қайырды. Бардым, шынында күтіп отыр екен. Ол кезде Ахметжан Есімов-бірінші хатшы. «Асы» совхозына директор болып барасың, ісі ілгері баспай тұр, жөнге келтіру керек» деді.

«Асы» совхозына директорлық бұйрықты 1986 жылдың 16 желтоқсанында алдым. Алдымен мамандардың жауапкершілігіне көңіл аудардым. Бұрынғыдай бастап, аяқтамай тастап кету мүлде болмайтынын, әр күні қатаң қадағалау жүретінін, оны басқа емес, өзін атқаратын нымды шегедей қадап айттым. Айтып қана қоймай, орындадым да. Мал фермаларын, темекі алаңдарын, өзге де орындарды қолым тие қалса күніне екі рет аралап шығам. Түннің бір уағына дейін жұмыста отырамын. Екі сағат көз шырымын алған кездерім көп болды. Талапты алдымен өзіме қоямын, мамандарға да тыныштық бермеймін, тапсырған жұмыстың нәтижесін сұраймын.

Білікті азаматтар мен еңбек адамдарының, ауыл тұрғындарының қажыр-қайратының арқасында тұралап қалған совхоз санаулы жылда алдыңғы орынға шықты. Халықтың тұрмысы түзелді.

Несін айтасын, шырылдап жүріп тұралаған совхозды тік тұрғызып едік, енді тарыдай шашылып бара жатқанда оны көру қасиеттей сезілді. Амалың жоқ, қолдан келер қайыр жоқ. Еңбек еш кеткендей еді. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» деп мамандар ыдырай бастады. Орталық қоймамызда өзгеде жоқ, тұрғындарға қажет заттар артығымен бар еді. Отбасылардың жағдайына қарай қарайласып тұрдық. Белінудің пайдасыздығын біраз азаматтар түсініп, қайтадан жерге бет бұрды.

Мен осы күні бір терен ойға батқанда, ата-аналарымыздың ел, Отан деп жиған мүлкін біз неге берекесіз уақытты көлденен тартып, жабайы жекешелендіруге көзсіз ерік беріп, қанталапайға салдық, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында жіберіп екен деймін. Адамдардың да алғашында ниет-пиғылы бір түрлі болып кеткендей еді. Халық қазына, халық киелі демей, олардың еңбекпен құрағанын суша сіміргендердің, қанжығасына өзіміздікіктен байлағандардың кейбіріннің соның көрдік, көріп те жүрміз. Бір тәубе дейтінім, қазір жақсы жандар сол ауылды жандандырып келеді. Соған қуанам. Үйде отырып тілекші боламын.

Раушан екеуміздің шаңырақ көтеріп, үй болғанымызға жарты ғасырдан едәуір асты. Мен сексен беске жетсем, ол сексенге келді. Арамыз бес жас. Бір қалада, қатар жатқан көшеде өстік. Бір қыз, екі ұлдыц, Адиля, Қанат, Мараттың әке-шешесіміз, Нелля, Дина келіндеріміздің, күйеу баламыз Валентиннің ата-енесіміз, Диас, Әлібек, Аянат, Әлия, Амаль, Мерей секілді немерелеріміздің ата-әжесіміз. Бақ қонғанда қызмет істедік, енді қаумалаған ұрпақтың ортасындамыз. Бақыт деген осы ғой! Бір заманда балаларды біз алақанымызда аяласақ, енді олар бізді алақандарында аялап отыр, қайталап айтам, шын бақыт деген осы болар!

«Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақта, бақыт та қонбайды» дегені Жүсіп Баласағұн. «Құдай құлына бақыт берсе, оның ісі күн сайын көркейе түседі» дейді Махмұд Қашқари. Ұлылардың даналық сөзі қандай керемет, есте ұстаса ұрпақ үшін таным, тағылым ғой. Шүкірлік етем, бақыт басымызда, бірлік отбасымызда, соның ұйтқысы – Раушан екеуміз. Түйін сөзім осы!

Сүлеймен МӘМЕТ,
журналист-жазушы,
Алматы облысының Құрметті азаматы.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕЗДЕСУ

СПОРТ

ЖАС ӨРЕНДЕР ЖАСЫНДАЙ ЖАРҚЫЛДАДЫ

Есік қаласындағы спорт кешенінде жылдағы үрдіске айналған жарыс- спорт ардагері Аманбек Саматовтың жұлдесіне арналған 2011-2013 жылы туған жасөспірімдер арасындағы грек-рим күресінен ашық республикалық турнирдің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Дүбірлі додаға еліміздің әр өңірінен келген жас балуандар қатысып, боз кілемде бақ сынады.



Жасөспірімдер спортының дамытуға бағытталған жарыстың негізгі мақсаты – өскелең ұрпақ арасында саламатты өмір салтын насихаттау, ұлттық спорт пен олимпиадалық күрес түрлерін дәріптеу, талантты жас спортшыларды анықтап, олардың шеберлігін шыңдау.

Салтанатты шара барысында қадірлі қонақтар мен спорт ардагерлері сахна төріне шақырылып, көпшілікке таныстырылды. Олардың қатарында Еңбекшіқазақ ауданының құрметті азаматы, спорт ардагері Аманбек Саматов, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту және дене шынықтыру спорт бөлімінің басшысы Дархан Ахметов, аудандық құрметті азаматтары Тілеулес Ұзақов, Осман Абибов, Серік Бейсембеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұман Мыкыбаев, спорт жанашыры Серік Спатаев, КСРО спорт шебері Айтказы Талжанов, сондай-ақ грек-рим күресінен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушылары Бақыт Өтегенов пен Әділжан Хангелдиев болды.

Алғашқы құттықтау сөз сөйлеген аудандық мәдениет, тілдерді дамыту және дене шынықтыру спорт бөлімінің басшысы Дархан Ахметов жастар спортына мемлекет тарапынан әрдайым қолдау көрсетіліп келе жатқанын атап өтті. Ол мұндай жарыстардың жас буынның шыңдалып, үлкен спортқа жол ашуына ықпал ететінін жеткізді. Сонымен

қатар Аманбек Фазылұлының қазақ спортына қосқан орасан еңбегі үшін алғыс хат табыстады.

Сонымен қатар ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұман Мыкыбаев жас спортшыларға ақ батасын беріп, ел намысын қорғайтын азамат болып өсуге тілектестігін білдірді. Өз кезегінде тәжірибелі жаттықтырушылар мен спорт майталмандары да боз кілемге шыққан балуандарға сәттілік тілеп, адал бәсеке мен биік жетістіктердің маңызын айтты.

Айта кетейік, турнирге 25 командадан 250-ден астам спортшы қатысты. Жеңімпаздарға медаль, кубок, белбеу сынды марапаттармен қоса ақшалай сыйлықтар табысталды. Ал, жарыстағы командалық есеп бойынша I орынды Еңбекшіқазақ ауданы жеңіп алса, II орын тұғырына Талғар ауданы жайғасты, жүлделі III орынды Кеген ауданы еншіледі. Бұл жарыс жас балуандардың тәжірибе алмасуына, шеберліктерін шыңдап, болашақ чемпиондардың қалыптасуына үлкен мүмкіндік бермек.

Ринат НАРХАНОВ.



СӨЗ КҮДІРЕТІН
ТАНЫТҚАН КАЛАМҒЕР

Жастар мен білім беру саласы қызметкерлері арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға және рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттауға бағытталған «Парасатты оқырман» жобасы жүзеге асырылуда. Жобаның мақсаты оқырмандарды классикалық және заманауи әдебиетпен таныстыру, олардың аналитикалық ойлау қабілетін дамыту және поэзия мен көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру.

Осы мақсатта «Ұлт оқитын 100 кітап» ұлттық жобасы қолға алынып, студенттер мен ұстаздарға оқуға ұсынылған «100 кітап» тізімі таныстырылды. Осы жүз кітаптың авторларымен кездесу, шығармаларын оқу қолға алынды. Осы жүз кітап авторының бірі - Нағашыбек Қапалбекұлының шығармалары.

Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің оқытушылары мен білім алушылары қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы, қоғам қайраткері, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлының шығармаларымен танысып қана қоймай, жазушымен келелі шығармашылық кездесу өткізді. Кездесудің басты мақсаты – оқырмандарды көркем әдебиетке баулу, ұлттық әдебиетімізді насихаттау, жас ұрпаққа рухани тәрбие беру және қаламгер шығармашылығын кеңінен таныстыру.

Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар, көркем ойымен, терең мазмұнды шығармаларымен оқырманын ойлаңта білген белгілі жазушы, қоғам қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлы, сонымен қатар, кешіміздің құрметті қонағы – белгілі жазушы,

филология ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас қызметкері Нұрәулет Ақыш пен Қаскелең мәдени колледжінің аға оқытушысы, Жамбыл атындағы сыйлықтың лауреаты, әнші Тәйіп Бейсенбеков білім алушы жастарға тағылымы мол әңгімелерін айтып, ән шырқап, тыңдаушы жастарға аталық, ағалық ақыл-кеңестерін айтты.

Жазушының шығармаларына арналған кітап көрмелері қойылып, білім алушылар өздерінің дайындаған буктрейлерін көрсетті. Сонымен қатар оқытушылар мен білім алушылар қаламгердің өмірі мен шығармашылығы бойынша оқыған, түйген ойларын ортаға салды.

Кеш барысында жазушы өз шығармашылығы, өмір жолы, әдебиеттегі тәжірибесі туралы әсерлі әңгіме өрбітіп, оқырмандардың сұрақтарына жауап берді. Қатысушылар автордың шығармаларына қызығушылық танытып, рухани азық алды.

Толқын НҰРМҰХАНБЕТОВА,
Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Жұмсақ балмұздақ сатып аларда абай болыңыз!

Балмұздақ - балалардың да, ересектердің де сүйікті тәтті тағамдарының бірі. Сапалы өнімді таңдау үшін сіз мұқият болуыңыз керек және күмәнді сатушылар мен өндірушілерден аулақ болыңыз. Ерітілген немесе еріген балмұздақтың сапасы мен сақтау шарттары күмән тудырса, оны жеуге болмайды. Балмұздақпен улану көбінесе ыстық маусымда, өнім тез бұзылатын кезде пайда болады. Себебі өнімнің дұрыс сақталмауы, температура режимі, антисанитарлық жағдайлары, дұрыс емес өндіріс технологиясы, сапасыз ингредиенттерді, жарамдылық мерзімі өткен өнімдерді пайдаланудан пайда болады.

Сауда объектілері (сауда нүктелері) эпидемиологиялық маңыздылығы елеусіз топқа жатады. Сатылатын өнімнің сапасына осы өнімді сататын кәсіпкер толығымен жауап береді. Жұмсақ балмұздақты сату тек оны дайындау орындарында жүргізілсе, ал өндіру – тікелей сатылар



алдында жүргізілуі тиіс. Себебі, әр балмұздақ құю алдында құрылғы цехтың арнайы жабдықталған жуу бөлімінде өңделіп, өнімді дайындаудың белгілі бір ережелері сақталуы керек. Сондай-ақ, балмұздақ қолданар алдында қолыңызды жуу немесе қолыңызды дымқыл майлықтармен немесе арнайы бактерияға қарсы гельмен өңдеу ұсынылады.

Балмұздақ сатылатын объектілерді сатушылар таза ұстауы керек және өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болуы шарт. Кәсіпкерлер балмұздақты сақтау және өткізу шарттарын, жарамдылық мерзімдерінің сақталуын, тамақ өнімдерін ластанудан қорғауды, өза арнайы киім киюді, бір реттік қолғап және жеке гигиена ережелерін сақтауды, сонымен қатар медициналық тексеруден өткені туралы белгісі бар жеке медициналық кітапшасы болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Шағын бөлшек сауда объектілерін және оларды заңды түрде құру кезінде жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтау арқылы адамдардың улану жағдайларын болдырмауға болады. Эпидемиологиялық маңыздылығы болмайтын объектілер туралы Egov (eLicense) электрондық порталы арқылы объектінің орналасқан жері бойынша санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдары хабарлар етуге міндетті екендерінізді естеріңізге саламыз. Хабарламаны бермегені үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Қонаев қаласының тұрғындары мен қонақтарына өтініш, автоматтардан ашық түрде жұмсақ балмұздақ сатып аларда жоғарыда аталған талаптар сақталатын объектілерден алуға тырысыңыз. Жұмсақ балмұздақтан уланудың белгілері бас ауруы, дене қызуының көтерілуі, құсу, жүрек айну, диарея, іштің ауыруы және т.б. Егер сіз өзіңізді нашар сезінсеңіз және жоғарыда көрсетілгендерге ұқсас белгілер болса, міндетті түрде медициналық көмекке жүгініңіз.

Өзіңіз бен балаларыңыздың денсаулығы өз қолыңызда екенін ұмытпаңыз!

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының (КҚГК) алдын алу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық шаралар

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГК) — табиғи-ошақтардан сипаттағы, трансмиссивті жолмен (негізінен Nyctopoma туыстақ кенелердің шағуы арқылы) жұғатын, ауыр интоксикациямен, қызбамен және айқын геморрагиялық синдроммен (ішкі-сыртқы қан кетулермен) сипатталатын өте қауіпті вирустық инфекция. Өлім-жітім көрсеткіші жоғары (10%-дан 40%-ға дейін) болғандықтан, бұл аурудың алдын алу және эпидемиологиялық қадағалау шараларын ұйымдастыру ерекше маңызға ие.

Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен алдын алу шаралары кешенді түрде, бірнеше негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

1. Эпидемиологиялық мониторинг және қадағалау Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет (СЭҚ) мамандары инфекцияның табиғи ошақтарында тұрақты бақылау жүргізеді:

- Кенелердің есебін алу және зертханалық мониторинг: Табиғи ошақтардан (жайылымдардан, мал қораларынан) кенелерді жинау, олардың түрлік құрамын анықтау және КҚГК вирусының бар-жоғын ПТР (ПЦР) немесе ИФА әдістерімен зертханалық тексеру.
- Ауыл шаруашылығы жануарларын серологиялық тексеру: Мал арасында вирусқа қарсы антиденелердің бар-жоғын анықтау үшін қан сарысуын іріктеп тексеру.
- Аурушандықты талдау: Тұрғындар арасындағы күдікті жағдайларды, кене шағуы бойынша медициналық көмекке жүгінгендерді есепке алу және тіркеу.

2. Кенелерге қарсы (дизинсекциялық) шаралар Инфекцияның негізгі тасымалдаушысы мен қоздырғыш көзі — кенелер болғандықтан, дезинсекциялық жұмыстар екі кезеңде (көктем және күз айларында) жүргізіледі.

4. Халық арасындағы жеке профилактика және ақпараттандыру

Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің маңызды міндеттерінің бірі — тұрғындар арасында санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізу.

Жеке сақтау ережелері:

- Табиғатқа және жайылымға шыққанда: Денені барынша жабатын ашық түсті киім кию (кене тез көрінуі үшін), шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу. Кімге кенелерді үркітетін репелленттерді қолдану.
- Өзіндік және өзара тексеру: Әрбір 1-2 сағат сайын және даладан келген соң киім мен денені кенеге мұқият тексеру.
- Мал бағу және қырку кезінде: Малды кенеден қолмен тазартпау (кенені езуге мүлдем болмайды, вирус зақымдалған тері арқылы жұғалды). Мал қырку, сою жұмыстарын тек қолғаппен және қорғаныс киімімен жүргізу.
- Кене шаққан жағдайда: Кенені өз бетімен жұлып алмай, дереу медициналық көмекке жүгінуі қажет. Егер өзіңіз алып тастасаңыз, кенені зақымдамай, пинцетпен немесе жіппен ақырын бұрап шығарып, жараның орын антисептикамен өңдеп, кенені зертханаға өткізу керек.
- Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу — тек санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің ғана емес, ветеринария, жергілікті атқарушы органдар мен әрбір азаматтың бірлескен жауапкершілігі. Көктемгі-күзгі кезеңде ақарицидтік шараларды уақтылы орындау және жеке гигиена ережелерін сақтау — аурудың өршуіне жол бермейтін ең тиімді қорғаныс болып табылады.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

<p>АЛАТАУ Ардагері Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады</p> <p>ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ</p>	<p>БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова Тел.: 8 777 251 9310</p> <p>ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сиқымбек Тел.: 8 705 965 3661</p> <p>Рамазан Елешев Тел.: 8 747 706 1334</p>	<p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.</p> <p>«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.</p> <p>Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады</p> <p>Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.</p> <p>Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.</p> <p>МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1. «Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 8500 Тапсырыс №1119 Индексі – 65472.</p>
--	---	--	---